

2023–2024 оқу жылына арналған ата-аналармен жұмыс жоспары

Мақсаты: Отбасы мен мектепке дейінгі ұйым арасындағы өзара тығыз байланысты орнату, балалардың шығармашылық, интеллектуалдық және әлеуметтік дамуына ата-аналарды белсенді қатыстыру.

№	Іс-шара атауы	Мерзімі	Жауаптылар
1	Жалпы ата-аналар жиналысы: «Жаңа белестер – жаңа мүмкіндіктер»	Қыркүйек	Менгеруші, тәрбиешілер
2	Ата-аналар арасында әлеуметтік-педагогикалық сауалнама жүргізу	Қыркүйек	Педагог-психолог
3	«Баланың тілін дамытудағы отбасының рөлі» тақырыбында кеңес беру	Қазан	Логопед, тәрбиешілер
4	«Біз бақытты отбасымыз» атты ата-аналармен бірлескен ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Қараша	Тәрбиешілер, әдіскер
5	«Алтын күз сыйы» атты күзгі көлөнер бұйымдарының көрмесі	Желтоқсан	Тәрбиешілер, ата-аналар
6	«Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы» тақырыбындағы дөңгелек үстел	Қантар	Менгеруші, әдіскер
7	Балалардың жас ерекшелік дағдылары бойынша жеке кеңестер	Жыл бойы	Педагог-психолог, тәрбиешілер
8	«Ана – өмірдің шуағы» атты мерекелік іс-шараларға ата-аналарды тарту	Жыл бойы	Музыкалық жетекші, тәрбиешілер
9	«Толағай» отбасылық интеллектуалды-спорттық сайысы	Сәуір	Тәрбиешілер
10	Оқу жылының қорытынды ата-аналар жиналысы: «Жетістіктер белесі»	Мамыр	Әкімшілік, педагогтер

Жоспарланган іс-шаралардың хаттамалары

Хаттама №1

Өткізілген күні: 12 қыркүйек 2023 жыл

Қатысқандар: 57 ата-ана, бөбекжай әкімшілігі мен тәрбиешілер

Тақырыбы: Жалпы ата-аналар жиналысы: «Жаңа белестер – жаңа мүмкіндіктер»

Күн тәртібі:

1. 2023-2024 оқу жылына арналған тәрбие-білім беру бағдарламасының негізгі міндеттері.
2. Бөбекжайдың ішкі тәртіп ережелері мен балалардың қауіпсіздігі.
3. Жаңа оқу жылына ата-аналар комитетінің құрамын сайлау.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі сөз алып, жаңа оқу жылында балалардың жан-жақты дамуына енгізілген жаңа әдістемелік бағыттармен таныстырды.

Екінші мәселе бойынша әдіскер сөз сөйлеп, балалардың бөбекжайға келу/кету уақыты, денсаулық сақтау және қауіпсіздік ережелерінің қатаң сақталуын түсіндірді.

Үшінші мәселе бойынша топ тәрбиешілері ата-аналар арасынан белсенді мүшелерді ұсынып, жаңа ата-аналар комитетінің төрайымы ретінде А.Б. Сагитова сайланды.

Қаулы етілді:

1. Бөбекжайдың 2023-2024 оқу жылына арналған тәрбие-білім беру жоспары мақұлданын.
2. Ішкі тәртіп пен қауіпсіздік ережелері ата-аналар тарапынан толық орындалсын.
3. Жаңа құрамдағы ата-аналар комитеті бекітілсін.

Жиналыс төрағасы: А.Б.Сагитова

Хатшы: Г.М. Адилханова



Хаттама №2

Өткізілген күні: 25 қыркүйек 2023 жыл

Қатысқандар: Ата-аналар, бөбекжай логопеді, топ тәрбиешілері

Тақырыбы: «Ата-аналар арасында әлеуметтік-педагогикалық сауалнама жүргізу» қорытындысы

Күн тәртібі:

1. Сауалнама нәтижелерін талдау және ата-аналардың сұраныстарын анықтау.
2. Баланың бейімделу және даму деңгейін жақсарту бойынша психологиялық қолдау шаралары.

Тыңдалды:

Бөбекжайдың логопеді сөз сөйлеп, қыркүйек айында өткізілген сауалнамаға 50-тен астам ата-ана қатысқанын мәлімдеді. Сауалнама нәтижесі бойынша ата-аналардың 94%-ы бөбекжайдың тәрбие деңгейіне жоғары баға берген. Кейбір ата-аналар баланың тілін дамыту және ұсақ моториканы арттыру бағытында қосымша жұмыстарды қажет ететінін білдірген.

Қаулы етілді:

1. Сауалнама қорытындысы бойынша анықталған сұраныстар назарға алынсын.
2. Тіл дамыту және бала психологиясына қатысты ата-аналарға арналған ақпараттық бұрыштар жиі жаңартылып тұрсын.

Логопед: Г.Г. Савичева

Хатшы: Г.М.Адилханова

Хаттама №3

Өткізілген күні: 18 қазан 2023 жыл

Қатысқандар: Ата-аналар, логопед, топ тәрбиешілері

Тақырыбы: «Баланың тілін дамытудағы отбасының рөлі» тақырыбында кеңес беру

Күн тәртібі:

1. Мектепке дейінгі жастағы балалардың тілдік ерекшеліктері мен кездесетін ақаулықтар.
2. Үй жағдайында баламен өткізілетін артикуляциялық ойындар.

Тыңдалды:


Бөбекжай логопеді балалардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыруда тек бөбекжай емес, отбасының да рөлі орасан зор екенін атап өтті. Ата-аналарға баламен үйде көбірек сөйлесу, ертегілер оқу және сергіту жаттығуларын бірге жасау құралдары көрсетілді.

Қаулы етілді:

1. Логопед пен тәрбиешілердің ұсыныстары үй жағдайында тәжірибеде қолданылсын.
2. Балалардың сөздік қорын байыту мақсатында күнделікті жұмыстар күшейтілсін.

Ұйымдастырушы: Г.Г.Савичева

Хатшы: Г.М.Адилханова



Хаттама №4

Өткізілген күні: 16 қараша 2023 жыл

Қатысқандар: Топ ата-аналары, меңгеруші, тәрбиешілер

Тақырыбы: «Біз бақытты отбасымыз» атты ата-аналармен бірлескен ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер.

Күн тәртібі:

1. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекет барысында ата-аналардың балалармен бірлескен жұмысы.
2. Білім беру қызметінің сапасына кері байланыс жасау.

Тыңдалды:

Әдіскер қараша айында жоспарланған ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттердің жоғары деңгейде өткенін атап өтті. Ұйымдастырылған іс-әрекет барысында ата-аналар тек бақылаушы емес, балаларымен бірге ойын ойнап, тапсырмалар орындап, белсенді қатысушыға айналды. Ата-аналар ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттің ұйымдастырылуына ризашылығын білдірді.

Қаулы етілді:

1. Бірлескен ашық ұйымдастырылған іс-әрекет нәтижесі өте жақсы деп танылсын.
2. Отбасы мен бөбекжай ынтымақтастығын арттыратын осындай іс-шаралар жүйелі түрде жалғасын тапсын.

Меңгеруші: Л.А. Джумабекова

Хатшы: Г.М.Адилханова



Хаттама №5

Өткізілген күні: 21 желтоқсан 2023 жыл

Қатысқандар: Бөбекжай тәрбиеленушілері мен ата-аналары, тәрбиешілер

Тақырыбы: «Алтын күз сыйы» атты күзгі қолөнер бұйымдарының көрмесі

Күн тәртібі:

1. Көрмеге ұсынылған отбасылық қолөнер жұмыстарын бағалау.
2. Белсенді қатысқан отбасыларды марапаттау.

Тыңдалды:

Бас тәрбиеші көрмеге ата-аналар мен балалар бірлесіп дайындаған 50-ден астам табиғи материалдардан, көкөністер мен құрғақ жапырақтардан жасалған ерекше туындылар қойылғанын айтты. Бұл шара балалардың шығармашылық қиялын ұштауға үлкен септігін тигізді.

Қаулы етілді:

1. Шығармашылық көрмеге жоғары белсенділікпен қатысқан отбасыларға бөбекжай әкімшілігі атынан «Алғыс хаттар» табысталсын.
2. Отбасылық шығармашылық қолдау жұмыстары алдағы уақытта да жүргізілсін.

Төраға: Л.А.Джумабекова

Хатшы: Г.М.Адилханова

Хаттама №6

Өткізілген күні: 19 қаңтар 2024 жыл

Қатысқандар: Бөбекжай меңгерушісі, ата-аналар комитеті мүшелері

Тақырыбы: «Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы» тақырыбындағы дөңгелек үстел

Күн тәртібі:

1. Бала тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрлердің маңызы.
2. Балалардың адамгершілік, кішіпейілділік қасиеттерін бірлесе дамыту.

Тыңдалды:

Бөбекжай меңгерушісі бала тәрбиесіндегі ізеттілік, үлкенді сыйлау, ұлттық ойындар мен ертегілердің маңыздылығы туралы баяндама жасады. Ата-аналар дөңгелек үстел барысында өз отбасыларындағы тәрбие тәсілдерімен бөлісіп, пікір алмасты.

Қаулы етілді:

1. Бөбекжайда ұлттық тәрбие бағытындағы жұмыстар (ертегі терапиясы, ұлттық ойындар) күшейтілсін.
2. Ата-аналарға үйде ұлттық құндылықтарды насихаттау ұсынылсын.

Төраға : Л.А. Джумабекова

Хатшы: Г.М.Адилханова

Хаттама №7

Өткізілген күні: 15 ақпан 2024 жыл

Қатысқандар: Топ тәрбиешілері, ата-аналар

Тақырыбы: «Балалардың жас ерекшелік дағдылары бойынша жеке кеңестер»

Күн тәртібі:

1. Балалардың мінез-құлық өзгеруіне, гиперактивтілікке немесе тұйықтыққа байланысты жеке жұмыстар.

2. Ата-аналарға дербес педагогикалық-психологиялық көмек көрсету.

Тыңдалды:

Тәрбиешілер оқу жылы ішінде әр баланың жеке даму картасына сәйкес ата-аналармен дербес кездесулер өткізгенін мәлімдеді. Кеңес барысында баланың ұйқы режимі, тамақтану мәдениеті және құрбыларымен қарым-қатынасы секілді өзекті мәселелер бойынша жеке ұсыныстар берілді.

Қаулы етілді:

1. Жеке кеңес беру жұмыстарының нәтижелілігі оң деп танылсын.
2. Қажеттілік туындаған жағдайда ата-аналармен жеке түзету жұмыстары жалғастырылсын.

Тәрбиеші: М.Ә.Бисекешова

Хатшы: Г.М.Адилханова



Хаттама №8

Өткізілген күні: 6 наурыз 2024 жыл

Қатысқандар: Музыкалық жетекші, тәрбиешілер, аналар мен әжелер

Тақырыбы: «Ана – өмірдің шуағы» атты мерекелік іс-шараларға ата-аналарды тарту

Күн тәртібі:

1. Мерекелік ертеңгіліктерде ата-аналардың өнер көрсетуі мен белсенділігін арттыру.
2. Бала мен ана арасындағы эмоционалдық байланысты нығайту.

Тыңдалды:

Музыкалық жетекші көктемгі аналар мерекесіне орай ұйымдастырылған ертеңгіліктерде аналар мен әжелердің балалармен бірге би билеп, ән айтып, түрлі сахналық қойылымдарға қатысқанын үлкен мақтанышпен жеткізді. Бұл іс-шара бөбекжайдың мерекелік атмосферасын жандандыра түсті.

Қаулы етілді:

1. Мерекелік шараларға ата-аналарды белсенді қатыстыру үрдісі тұрақты түрде сақталсын.
2. Белсенділік танытқан барлық аналарға алғыс жариялансын.

Музыкалық жетекші: А.М.Ақбукенова

Хатшы: Г.М.Адилханова



Хаттама №9

Өткізілген күні: 17 сәуір 2024 жыл

Қатысқандар: Тәрбиешілер, сайысқа қатысушы отбасылар

Тақырыбы: «Толағай» отбасылық интеллектуалды-спорттық сайысы

Күн тәртібі:

1. Салауатты өмір салтын насихаттау және спорттық кезеңдердің өтілу барысы.
2. Сайыс жеңімпаздарын анықтау.

Тыңдалды:

Сайыс бірнеше қызықты кезеңнен тұрды: таныстыру, логикалық сұрақтар сайысы, «Елтілер мен жылдамдар» эстафетасы және капитандық жарыс. Сайысқа әр топтан әкесі, анасы және баласынан құралған командалар қатысып, жоғары спорттық рух көрсетті.

Қаулы етілді:

1. Бас жүлдені иеленген «Сұңқар» отбасылық командасы және басқа да қатысушылар арнайы дипломдармен, сыйлықтармен марапатталсын.
2. Бөбекжайда спорттық-сауықтыру шаралары жиі ұйымдастырылып тұрсын.

Тәрбиеші: А.С. Габдушева

Хатшы: Г.М.Адилханова

Хаттама №10

Өткізілген күні: 22 мамыр 2024 жыл

Қатысқандар: 50 ата-ана, бөбекжай әкімшілігі мен педагогтер құрамы

Тақырыбы: Оқу жылының қорытынды ата-аналар жиналысы: «Жетістіктер белесі»

Күн тәртібі:

1. 2023-2024 оқу жылында атқарылған тәрбие-білім жұмыстарының қорытынды есебі.
2. Балалардың даму мониторингі мен жетістіктерін таныстыру.
3. Жазғы сауықтыру және демалыс кезеңіндегі бала қауіпсіздігі.

Тыңдалды:

Бөбекжай менгерушісі жыл бойы ата-аналармен бірлесіп атқарылған жұмыстардың есебін оқып, белсенді ата-аналарға алғысын білдірді.

Топ тәрбиешілері балалардың білім, білік және дағдыларының жыл соңындағы өсу деңгейін мониторинг арқылы көрсетті.

Медбике жаз айларындағы күн өту, суға шомылу қауіпсіздігі және гигиеналық талаптар туралы нұсқаулықтар берді.

Қаулы етілді:

1. 2023-2024 оқу жылындағы ата-аналармен атқарылған жұмыс есебі «өте жақсы» деп танылсын.
2. Жазғы кезеңде балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау бойынша берілген қауіпсіздік ережелері қатаң сақталсын.

Жиналыс төрағасы: Л.А.Джумабекова

Хатшы: Г.М.Адилханова

